«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
Заңды тұлғаға (филиал мен өкілдікке)
мемлекеттік (есептік) қайта тіркеу
2020 ж. « 10 » 02 жүргізілді
БСН 991040002914
1999 ж. « 13 » 10
ӘМТН 384 - 1917 - 01-МИ

«Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» ММ
2019 жылғы «19» 12
№ П-790 бұйрығымен бекітілді

# Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «№ 8 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ЖАРҒЫСЫ

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «№ 8 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды негізгі орта және бастапқы кәсіптік білім беру деңгейінде оқыту мен тәрбиелеу функцияларын жүзеге асыру үшін ұйымдық - құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.
2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.
3. Мекеме «Облыс білім мекемелерінің жүйесінде өзгерістер туралы» Шығыс Қазақстан облысы әкімінің 1999 жылғы 26 тамыздағы № 728 шешімімен қайта құрылды. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 6 қыркүйектегі № 310 «Білім беру ұйымдарын қайта атау туралы» қаулысымен қайта аталды.
4. Мекеменің құрылтайшысы Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі (бұдан әрі – Жергілікті атқарушы орган) болып табылады.
5. Тиісті саланың уәкілетті органы «Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.
6. Мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) болып табылады.
7. Мекеменің атауы: Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «№ 8 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
8. Мекеменің орналасқан жері: 070008, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Прибрежная көшесі, 81/1 үй.

## 2-тарау. Мекеменің заңды мәртебесі

9. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

10. Мекеме Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Мекеме өз міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі ақшамен жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша Жергілікті атқарушы орган тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

12. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшесінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

## 3-тарау. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

13. Мекеме қызметінің мәні – білім беру саласындағы оқу-тәрбие қызметі, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды түзете-дамыта оқыту және тәрбиелеу болып табылады.

14. Мекеме қызметінің мақсаты жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамуындағы бұзылыстарды түзету, әлеуметтік - еңбекке бейімдеу, әлеуметтендіру, қоғамға кіріктіру болып табылады.

15. Мақсаттарға жету үшін Мекеме келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) арнайы бастауыш, негізгі орта білім беру бағдарламаларын, бастауыш білім беру деңгейінің психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын, сонымен қатар тәрбиеленушілердің психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленген еңбекке баулу бойынша бейімделген бағдарламаларды «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің типтік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес Мекеме басшысы бекіткен және Тиісті саланың уәкілетті органымен келісілген жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша іске асырады;

2) оқушыларды үйден оқытуды дәрігерлік-консультативтік комиссия мен психологиялық – медициналық – педагогикалық консультацияның (бұдан әрі – ПМПК) ұсынымы бойынша іске асырады, бастауыш, негізгі орта білім беру деңгейіндегі үлгілік оқу білім беру пәндері бойынша жеке білім беру

бағдарламасын әзірлейді. Білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып үйде жеке тегін оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес пәндер бойынша сағаттарды қайта бөлуге рұқсат етіледі;

3) типтік оқу жоспарының түзету компоненті пәндерінің мазмұнына сәйкес түзеу жұмыстарының бағдарламаларын жүзеге асырады;

4) білім беру үрдісінің құрамдас бөлігі болып табылатын және патриоттық, азаматтық, интернационалдылық, жоғары мораль және адамгершілікті қалыптастыруға, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты қабілеттерін дамытуға бағытталған тәрбие бағдарламаларын жүзеге асырады;

5) әр түрлі бағыттағы қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады, үйірме жұмыстарын ұйымдастырады;

6) Мекеменің медициналық қызметкерлерімен лицензия негізінде алғашқы (дәрігерге дейінгі) медициналық-санитарлық көмек, медициналық оңалту жүзеге асырылады;

7) ата-аналар (заңды өкілдер) және ерекше қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беру ұйымдарының педагогтарына арналған отбасы, арнайы педагогика, психология сұрақтары бойынша кеңестер мен әдістемелік көмектер ұйымдастырады;

8) қажетті материалдық – техникалық және бағдарламалық - әдістемелік жағдайлары болған кезде тереңдетілген кәсіптік–еңбекке дайындайтын өндірістік 10 сынып ұйымдастырылады;

9) күрделі кемістіктері мен орташа ақыл – ой кемістігі бар білім алушыларға арналған арнайы сыныптарды (олардың жеткілікті санымен) білім беру үрдісі жағдайында айқындалуына қарай және ПМПК қорытындысы негізінде жинақтайды, жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылармен бір сыныпта орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған үлгілік оқу жоспарының пәндері бойынша нормативтерге сәйкес құрастырылған және бекітілген жеке бағдарламалар бойынша орташа ақыл- ой кемістігі бар балалар бірге оқи алады. Сыныптарда (топтарда) бала саны арнайы білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларына сәйкес анықталады.

16. Білім беру үрдісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері (әкімшілік-басқару, педагогикалық құрам, тәрбиеленушілер, заңды өкілдер) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Оқу-тәрбие үрдісі білім алушылардың, педагог қызметкерлердің адамгершілік қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде жүзеге асырылады. Білім алушыларға қатысты зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді.

17. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді Мекемеге қабылдау ПМПК қорытындысы негізінде және ата-аналарының (заңды өкілдердің) келісімімен мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім алушыларды Мекемеден шығару және басқа білім беру ұйымына ауыстыру ата-аналарының (заңды өкілдердің) келісімімен және ПМПК қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

18. Оқу-тәрбие үрдісі баланы ПМПК деректері мен клиникалық зерттеуге негізделген саралай және жеке оқыту қағидаттары негізінде жүзеге асады. Балалардың сөйлеу ерекшеліктерін, зейінін, жұмысқа қабілеттілігін, олардың даму динамикасын жүйелі түрде зерттеу, оқушылардың нақты білімін, олардың оқу материалын меңгеру мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін анықтау оқушының даму болашағын анықтау және түзету жұмысының құралдарын таңдау үшін жүргізіледі.

Мекемеде білім беру үрдісін ұйымдастырудың негізгі нысандары үй тапсырмаларын орындау бойынша сабақтар, жеке және топтық түзету сабақтары болып табылады.

Жеке және үй тапсырмаларын орындау сабақтарының, үйірмелердің ұйымдастырылуы күндізгі және аптаның ішінде тәрбиеленушілер үшін ұзартылған күн тобы және тәулік бойы болуын ескере отырып жасалады, басшы бекіткен кестемен анықталады және санитарлық нормаларға сәйкес балалардың оқуы, еңбегі мен демалуының негізделген үйлесімін қамтамасыз етеді.

Кәсіптік-еңбекке баулу бойынша сабақтар үшін оқушылар төртінші сыныптан бастап екі топқа бөлінеді. Еңбек түрлері бойынша топтарды жасақтау дәрігердің ұсынымдары негізінде оқушылардың психофизикалық жағдайы мен мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау сабақтарын өткізу кезінде сынып екі топқа бөлінеді.

Мекемеде білім беру және тәрбиелеу ата-аналардың (заңды өкілдерінің) келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асады.

Мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде білім алушыларды оқытудың нысандарын, құралдары мен әдістерін, ағымдағы бақылау мен аралық аттестаттаудың кезеңділігін дербес таңдайды.

Мекеменің түлектеріне мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттың түрлері мен нысандарына және оларды беру ережелеріне сәйкес белгіленген үлгідегі құжат беріледі.

19. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер үшін оқу жылының басталу және аяқталу уақыты, оқу жылы мен каникулдардың ұзақтығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық құжаттарының негізінде анықталады. Мекеменің жұмыс режимі балалардың тәулік бойы болуын ескеріп құрылады, ауысым саны мен ұзақтығы, сабақтардың саны мен ұзақтығы, сабақтар мен ауысымдар арасындағы үзілістердің ұзақтығы санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес белгіленеді. Сабақ кестесі оқу үрдісінің кестесіне және оқу жұмыс жоспарына сәйкес құрастырылады.

20. Білім алушыларға және олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) Мекеменің жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиямен, Мекеменің ішкі тәртіп ережелерімен және Мекеменің қызметін реттейтін басқа да құжаттармен танысу мүмкіндігі беріледі.

21. Заңды өкілдерінің өтініші бойынша Мекемеде тәрбиеленушілердің тұру жағдайы жүзеге асырылады. Білім алушылардың ата-аналары (заңды өкілдері) балалардың Мекемеге уақытында келуін қамтамасыз етеді және каникул кезіндегі балалардың өмірі мен қауіпсіздігіне жауапты болады.

22. Оқу кезеңінде білім алушылар мен тәрбиеленушілер «Әлеуметтік көмек көрсететін азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетудің мөлшерін, көздерін, түрлері мен ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, жұмсақ жабдықтармен, құралдармен, тамақпен және медициналық көмекпен қамтамасыз етіледі.

23. Мекемеде медициналық қамтамасыз етуді штаттық медицина қызметкерлері жүзеге асырады, олар әкімшілікпен бірлесіп тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтауға жауап береді. Олардың психофизикалық жағдайының нығаюын, диспансерленуін, профилактикалық іс-шаралардың жүргізілуін қадағалайды, санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы режимнің сақталуын, дене тәрбиесі мен шынығуды, тамақтануды, сонымен қатар диеталық тамақтандыруды бақылайды.

24. Мекемеге Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

25. Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен айқын түрде шектелген немесе басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасалған мәміле, Мекеме қызметінің мақсаттарына қайшы жасалған мәміле Тиісті саланың уәкілетті органының, Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, Жергілікті атқарушы органның не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

## 4-тарау. Мекемені басқару

26. Мекемені жалпы басқаруды Тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

27. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Мекеменің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді келіседі;

2) Мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;

3) Мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

4) Мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібі мен өкілеттік мерзімін, Мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

5) Мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

6) Мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

7) Мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

8) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

9) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Мекемеге берілген мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісімін береді;

10) осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

28. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) Мекеме Жарғысын, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізуді бекітеді;

3) Тиісті саланың уәкілетті органының келісімімен Мекемеге бекітілген мүлікті алуды немесе оны басқа мемлекеттік заңды тұлғаларға қайта таратуды жүзеге асырады;

4) осы Жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

29. Мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тиісті саланың уәкілетті органымен қызметке тағайындалады және қызметінен босатылады.

30. Басшы Мекеме жұмысын ұйымдастырады және басқарады, Тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және Мекемеге жүктелген міндеттер оның өз қызметтерінің жүзеге асырылуына жеке жауапты.

31. Мекеме басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және Мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

32. Мекеме басшысының Мекememен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

33. Мекеме қызметін жүзеге асыру барысында Мекеме басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) Мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда Мекеменің мүддесін білдіреді;

3) келісім-шарттар жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) Мекеменің іс-сапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банкте есеп-шоттар ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) Тиісті саланың уәкілетті органы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, Мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) Тиісті саланың уәкілетті органымен келісе отырып орынбасарлары мен бухгалтерді лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

10) Мекеме қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;

11) өз орынбасарының (орынбасарларының) және Мекеменің басқа да басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;

12) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен және Тиісті саланың уәкілетті органымен, Жергілікті атқарушы органмен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

34. Мекеменің алқалық басқару нысаны педагогикалық кеңес қызметі мен қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастырудың үлгілік ережелеріне сәйкес Педагогикалық кеңес, Қамқоршылық кеңес болып табылады.

## 5-тарау. Мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

35. Мекеме мүлкінің құнын оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мекеменің мүлкі мыналар:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

36. Мекеме бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

37. Егер қосымша қаржыландыру көзі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленбеген болса, Мекеме қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен Тиісті саланың уәкілетті органы арқылы жүзеге асырылады.

38. Мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

39. Мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді және оған ревизия жасауды Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен Тиісті саланың уәкілетті органы, Жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

## 6-тарау. Мекемедегі жұмыс тәртібі

40. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## 7-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

41. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу Жергілікті атқарушы органның немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның шешімі бойынша жүргізіледі және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аймақтық тіркеу органдарында мемлекеттік тіркеу тәртібінен өтеді.

## 8-тарау. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

42. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Жергілікті атқарушы органның шешімімен жүргізіледі.

43. Мекеме заңнамалық актілермен қарастырылған басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

44. Мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды Тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

45. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін таратылған Мекеменің қалған мүлкін Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

46. Таратылған Мекеменің ақшасы, осы заңды тұлғаның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін, тиісті бюджет кірісінің есебіне аударылады.

## 9-тарау. Мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

47. Мекемеде еншілес бөлімшелер мен өкілеттіліктері жоқ.

**Шығыс Қазақстан облысы**
**білім басқармасының**
**«№ 8 арнайы мектеп-интернаты» КММ**
**директоры** **А. Базарханова**

**Келісілді:**
**«Шығыс Қазақстан облысының**
**білім басқармасы» ММ**
**басшысы** **С. Жумадилова**

Утвержден
приказом ГУ «Управление по государственным закупкам и коммунальной собственности Восточно-Казахстанской области»
от «19» 12 2019 года
№ 8-790

# УСТАВ
## коммунального государственного учреждения «Специальная школа-интернат № 8» управления образования Восточно-Казахстанской области

### Глава 1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Специальная школа-интернат № 8» управления образования Восточно-Казахстанской области» (далее – Учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для осуществления функций обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями на уровне основного среднего образования и первоначальной профессиональной подготовки.

2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

3. Учреждение реорганизовано решением акима Восточно-Казахстанской области от 6 августа 1999 года № 728 «Об изменениях в сети учреждений образования области». Переименовано постановлением Восточно-Казахстанского областного акимата от 6 сентября 2019 года № 310 «О переименовании организаций образования».

4. Учредителем Учреждения является Восточно-Казахстанский областной акимат (далее - Местный исполнительный орган).

5. Уполномоченным органом соответствующей отрасли, является государственное учреждение «Управление образования Восточно-Казахстанской области (далее – Уполномоченный орган соответствующей отрасли).

6. Органом, осуществляющим функции субъекта права собственности в отношении имущества Учреждения, является государственное учреждение «Управление по государственным закупкам и коммунальной собственности Восточно-Казахстанской области» (далее – Уполномоченный орган по государственному имуществу).

7. Наименование учреждения: коммунальное государственное учреждение «Специальная школа-интернат № 8» управления образования Восточно-Казахстанской области.

8. Место нахождения Учреждения: 070008, Республика Казахстан, Восточно-Казахстанская область, город Усть-Каменогорск, улица Прибрежная, 81/1.

## Глава 2. Юридический статус Учреждения

9. Учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Учреждения.

10. Учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

11. Учреждение отвечает по своим обязательствам находящимся в его распоряжении деньгами. При недостаточности у Учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет Местный исполнительный орган средствами соответствующего бюджета.

12. Гражданско-правовые сделки Учреждения вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальном подразделении казначейства по Восточно-Казахстанской области Министерства финансов Республики Казахстан.

## Глава 3. Предмет и цели деятельности Учреждения

13. Предметом деятельности Учреждения является учебно-воспитательная деятельность в сфере образования, коррекционно–развивающее обучение и воспитание детей с особыми образовательными потребностями.

14. Целью деятельности Учреждения является: обучение, воспитание и коррекция нарушений в развитии детей с легкой и умеренной умственной отсталостью, социально-трудовая адаптация, социализация и интеграция в общество.

15. Для достижения цели Учреждение осуществляет следующие виды деятельности:

1) реализует специальные учебные программы основного среднего образования в соответствии с утвержденными руководителем Учреждения и согласованными с Уполномоченным органом соответствующей отрасли рабочими учебными планами и программами, а также адаптированные программы по трудовому обучению разработанные с учетом особенностей психофизического развития и индивидуальных возможностей воспитанников в соответствии с приказом Министра образования и науки Республики Казахстан

«Об утверждении типовых учебных планов начального, основного среднего, общего среднего образования Республики Казахстан»;

2) реализует обучение учащихся на дому по заключению врачебно-консультативной комиссии и психолого-медико-педагогической консультации (далее - ПМПК), разрабатывает индивидуальную образовательную программу по типовым учебным образовательным предметам уровня начального, основного среднего образования. Допускается перераспределение часов с учетом индивидуальных возможностей и потребностей обучающегося в соответствии с типовым учебным планом индивидуального бесплатного обучения на дому;

3) реализует программы коррекционной работы в соответствии с содержанием предметов коррекционного компонента типового учебного плана;

4) реализует воспитательные программы, являющиеся составляющей частью образовательного процесса и направленные на формирование патриотизма, гражданственности, интернационализма, высокой морали и нравственности, а также на развитие разносторонних способностей обучающихся, воспитанников;

5) реализует дополнительные образовательные программы различных направлений (организация кружковой деятельности);

6) оказывает первичную медико-санитарную помощь, медицинскую реабилитацию, осуществляемую медицинскими работниками Учреждения на основании лицензии;

7) оказывает консультации и методическую помощь по вопросам семьи, специальной педагогики, психологии для родителей (законных представителей), педагогов общеобразовательных организаций образования, реализующих инклюзивное обучение детей с особыми образовательными потребностями;

8) организует 10-ый производственный класс с углубленной профессионально-трудовой подготовкой при наличии необходимых материально-технических и программно-методических условий;

9) комплектует специальные классы для обучающихся с умеренной умственной отсталостью и сложной структурой дефекта (при их достаточном количестве) на основании наблюдения в условиях образовательного процесса и по заключению ПМПК, в классах для детей с легкой умственной отсталостью совместно могут обучаться дети с умеренной умственной отсталостью, по составленным и утвержденным в соответствии с нормативами индивидуальным учебным программам по предметам типового учебного плана для детей с умеренной умственной отсталостью. Численность детей в классах (группах) определяется типовыми правилами специальных организаций образования.

16. Права и обязанности участников образовательного процесса (административно-управленческий, педагогический состав, обучающиеся, законные представители) регламентируются Законом Республики Казахстан «Об образовании».

Учебно-воспитательный процесс осуществляется на основе взаимного уважения человеческого достоинства обучающихся, воспитанников, педагогических работников. Применение методов насилия по отношению к обучающимся не допускается.

17. Прием обучающихся и воспитанников в Учреждение осуществляется на основании заключения ПМПК с согласия родителей (законных представителей), согласно стандарта оказания государственной услуги.

Отчисление и перевод учащихся из Учреждения в другую образовательную организацию осуществляется с согласия родителей (и иных законных представителей) и на основании заключения ПМПК.

18. Учебно-воспитательный процесс осуществляется на основе принципов дифференцированного и индивидуального подхода, обусловленного данными ПМПК и клинического изучения ребенка. Систематическое изучение особенностей речи, внимания, работоспособности детей, динамики их развития, выявления фактических знаний учащихся, возможностей и особенностей усвоения ими учебного материала проводится для определения перспективы развития учащегося и выбора средств коррекционной работы.

Основными формами организации образовательного процесса в Учреждении, наряду с уроками, являются занятия по выполнению домашних заданий, индивидуальные и групповые коррекционные занятия.

Организация индивидуальных занятий и по выполнению домашних заданий, кружков в течение дня и недели составляется с учетом круглосуточного пребывания и продленного дня для воспитанников, определяется расписанием, утвержденным руководителем и обеспечивает обоснованное сочетание обучения, труда и отдыха детей согласно санитарным нормам.

Для занятий по профессионально-трудовому обучению с четвёртого класса осуществляется деление на две группы. Комплектование групп по видам труда осуществляется на основании рекомендаций врача с учетом психофизического состояния и возможностей учащихся. При проведении занятий по социально-бытовой ориентировке классы делятся на две группы.

Учреждение самостоятельно в выборе форм, средств и методов обучения, текущего контроля и периодичности промежуточной аттестации обучающихся в пределах законодательства Республики Казахстан.

Обучение и воспитание в Учреждении ведется на государственном и русском языках в соответствии с законодательством Республики Казахстан с согласия родителей (законных представителей).

Выпускникам Учреждения выдается документ установленного образца в соответствии с видами и формами документа об образовании государственного образца и правил их выдачи.

19. Продолжительность учебного года и каникул для обучающихся и воспитанников устанавливается на основе нормативно-правовых документов Министерства образования и науки Республики Казахстан. Режим работы

Учреждения строится с учетом круглосуточного пребывания детей, количество и продолжительность смен, уроков и перемен устанавливаются согласно санитарно-гигиенических норм. Расписание занятий составляется в соответствии с графиком учебного процесса и рабочими учебными планами.

20. Обучающимся, воспитанникам и их родителям (законным представителям) предоставляется возможность ознакомления с уставом Учреждения, лицензией на право ведения образовательной деятельности, правилами внутреннего распорядка Учреждения и другими документами, регламентирующими деятельность Учреждения.

21. По заявлению законных представителей осуществляется проживание воспитанников в Учреждении. Родители (законные представители) учащихся обеспечивают своевременное прибытие детей в Учреждение и отвечают за жизнь и безопасность своих детей в каникулярное время.

22. На период обучения обучающиеся, воспитанники обеспечиваются мягким инвентарем, оборудованием, питанием и медицинской помощью в соответствии с Постановлением Правительства Республики Казахстан «Об утверждении размеров, источников, видов и Правил предоставления социальной помощи гражданам, которым оказывается социальная помощь».

23. Медицинское обеспечение в Учреждении осуществляют штатные медицинские работники, которые совместно с администрацией отвечают за охрану здоровья воспитанников. Следят за укреплением их психофизического состояния, диспансеризацией, проведением профилактических мероприятий, контролируют соблюдение санитарно-гигиенического и противоэпидемического режима, организацию физического воспитания и закаливания, питания, в том числе диетического.

24. Учреждение не вправе осуществлять деятельность, а также совершать сделки, не отвечающие предмету и целям его деятельности, закрепленным в настоящем Уставе.

25. Сделка, совершенная Учреждением в противоречии с целями деятельности, определенно ограниченными законами Республики Казахстан или учредительными документами, либо с нарушением уставной компетенции руководителя, может быть признана недействительной по иску Уполномоченного органа соответствующей отрасли или Уполномоченного органа по государственному имуществу, Местного исполнительного органа, либо прокурора.

## Глава 4. Управление Учреждением

26. Общее управление Учреждением осуществляет Уполномоченный орган соответствующей отрасли.

27. Уполномоченный орган соответствующей отрасли в установленном законодательством Республики Казахстан порядке осуществляет следующие функции:

1) согласовывает внесение изменений и дополнений в Устав Учреждения;

2) утверждает индивидуальный план финансирования Учреждения;

3) осуществляет контроль за сохранностью имущества Учреждения;

4) определяет структуру, порядок формирования и срок полномочий органов управления Учреждения, порядок принятия Учреждением решений;

5) определяет права, обязанности и ответственность руководителя Учреждения, основания освобождения его от занимаемой должности;

6) утверждает структуру и предельную штатную численность Учреждения;

7) по представлению руководителя Учреждения назначает на должность и освобождает от должности его заместителя (заместителей);

8) утверждает годовую финансовую отчетность;

9) дает письменное согласие Уполномоченному органу по государственному имуществу на изъятие или перераспределение имущества, переданного Учреждению;

10) осуществляет иные полномочия, возложенные на него настоящим уставом и иным законодательством Республики Казахстан.

28. Уполномоченный орган по государственному имуществу в установленном законодательством Республики Казахстан порядке осуществляет следующие функции:

1) закрепляет за Учреждением имущество;

2) утверждает Устав Учреждения, внесение в него изменений и дополнений;

3) по согласованию с Уполномоченным органом соответствующей отрасли осуществляет изъятие имущества Учреждения, либо перераспределяет его между другими государственными юридическими лицами;

4) осуществляет иные полномочия, возложенные на него настоящим уставом и законодательством Республики Казахстан.

29. Руководитель Учреждения назначается на должность и освобождается от должности Уполномоченным органом соответствующей отрасли за исключением случаев, установленных законодательством Республики Казахстан.

30. Руководитель Учреждения организует и руководит работой Учреждения, непосредственно подчиняется Уполномоченному органу соответствующей отрасли (за исключением случаев, установленных законодательством Республики Казахстан) и несет персональную ответственность за выполнение возложенных на Учреждение задач и осуществление им своих функций.

31. Руководитель Учреждения действует на принципах единоначалия и самостоятельно решает вопросы деятельности Учреждения в соответствии с его компетенцией, определяемой законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.

32. Действия руководителя Учреждения, направленные на осуществление Учреждением неуставной деятельности, являются нарушением трудовых обязанностей и влекут применение мер дисциплинарной и материальной ответственности.

33. При осуществлении деятельности руководитель Учреждения в установленном законодательством Республики Казахстан порядке:

1) без доверенности действует от имени Учреждения;

2) представляет интересы Учреждения в государственных органах и иных организациях;

3) заключает договоры;

4) выдает доверенности;

5) утверждает порядок и планы Учреждения по командировкам, стажировкам, обучению сотрудников в казахстанских и зарубежных учебных центрах и иным видам повышения квалификации работников;

6) открывает банковские счета;

7) издает приказы и дает указания, обязательные для всех работников;

8) принимает на работу и увольняет с работы сотрудников Учреждения, кроме сотрудников, назначаемых Уполномоченным органом соответствующей отрасли;

9) по согласованию с Уполномоченным органом соответствующей отрасли назначает на должность и освобождает от должности заместителей и бухгалтера;

10) применяет меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания на сотрудников Учреждения, в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;

11) определяет обязанности и круг полномочий своего заместителя (заместителей) и иных руководящих сотрудников Учреждения;

12) осуществляет иные функции, возложенные на него законодательством Республики Казахстан, настоящим Уставом и Уполномоченным органом соответствующей отрасли, Местным исполнительным органом.

34. Формами коллегиального управления Учреждением являются Педагогический совет, Попечительский совет, согласно типовых правил организации деятельности педагогического совета и работы попечительского совета.

## Глава 5. Порядок образования имущества Учреждения

35. Имущество Учреждения составляют активы юридического лица, стоимость которых отражается на его балансе. Имущество Учреждения формируется за счет:

1) имущества, переданного ему собственником;

2) имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности;

3) иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

36. Учреждение не вправе самостоятельно отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом и имуществом, приобретенным за счет средств, выделенных ему по смете.

37. Деятельность Учреждения финансируется из областного бюджета Уполномоченным органом соответствующей отрасли, если дополнительный источник финансирования не установлен законодательством Республики Казахстан.

38. Учреждение ведет бухгалтерский учет и представляет отчетность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

39. Проверка и ревизия финансово-хозяйственной деятельности Учреждения осуществляется Уполномоченным органом соответствующей отрасли, Местным исполнительным органом, в установленном законодательством Республики Казахстан порядке.

## Глава 6. Режим работы в Учреждении

40. Режим работы Учреждения устанавливается правилами внутреннего трудового распорядка и не должен противоречить нормам трудового законодательства Республики Казахстан.

## Глава 7. Порядок внесения изменений и дополнений в учредительные документы

41. Внесение изменений и дополнений в учредительные документы Учреждения производится по решению Местного исполнительного органа, а так же Уполномоченного органа по государственному имуществу, и проходят процедуру государственной регистрации в территориальных регистрирующих органах в соответствии с Законом Республики Казахстан «О государственной регистрации юридических лиц и учетной регистрации филиалов и представительств».

## Глава 8. Условия реорганизации и ликвидации Учреждения

42. Реорганизация и ликвидация Учреждения производится по решению Местного исполнительного органа.

43. Учреждение может быть ликвидировано также по другим основаниям, предусмотренным законодательными актами.

44. Реорганизацию и ликвидацию Учреждения осуществляет Уполномоченный орган соответствующей отрасли.

45. Имущество ликвидированного Учреждения, оставшееся после удовлетворения требования кредиторов, перераспределяется Уполномоченным органом по государственному имуществу.

46. Деньги ликвидированного Учреждения, включая средства, полученные в результате реализации имущества этого юридического лица, оставшиеся после удовлетворения требования кредиторов, зачисляются в доход соответствующего бюджета.

## Глава 9. Сведения о филиалах и представительствах Учреждения

47. Учреждение филиалов и представительств не имеет.

**Директор**
**КГУ «Специальная школа-интернат № 8»**
**управления образования**
**Восточно-Казахстанской области** **А. Базарханова**

**Согласовано:**
**Руководитель**
**ГУ «Управление образования**
**Восточно-Казахстанской области»** **С. Жумадилова**

Бауланған, тігілген, мөрмен бекітілген, 17 бет.
«Шығыс Қазақстан облысы мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» ММ

«ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ САЛАСЫНДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ БӨЛІМІ